



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

03. 07. 2024 № 3 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның  
2024 жылғы 03 шілдедегі  
қаулысы

Астана қаласының  
туристік саласын  
дамыту мәселелері туралы

Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) Астана қаласының туристік саласын дамыту мәселелеріне қатысты ақпаратты тыңдаپ, талқылай отырып, мыналарды атап өтеді.

«Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) ақпаратына сәйкес, соңғы екі жылда Астана қаласына келетін туристер саны артты. Өткен жылы елордаға 1,3 млн. турист келді, ағымдағы жылы күтілетін туристер ағыны 1,5 млн.адамды құрайды. Азаматтары турист ретінде Астана қаласына келетін топ 5 елді Ресей Федерациясы, Түркия Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы және Америка Құрама Штаттары құрады.

Бұгінгі таңда Басқарма атынан жергілікті атқарушы органдың негізгі міндеті Астананы іскерлік және медициналық туризм орталығы ретінде дамыту болып табылады.

Сонымен қатар, отырыс барысында мәслихат депутаттары елорданың туристік саласын дамытуға қатысты бірқатар проблемалық мәселелерді көтерді.

Қазіргі уақытта қалада гидтер нарығы реттелмеген. Қаланың тарихы, табиғаты, мәдениеті, көрікті жерлері және қаланың қалыптасуы мен құрылудында із қалдырған көрнекті қайраткерлері туралы жеткілікті ақпаратты игерген кәсіби гидтер пулы жасалмаған. Көрші елдердің гидтері экскурсияларды өз бетінше өткізіп, елорданың имиджіне, сондай-ақ Астана мен өнірлердің бюджетіне нұқсан келтіреді.

Бұғынгі күнге дейін қаланың жол-көлік инфрақұрылымына қатысты проблемалық мәселелер бар, елорданың туристік объектілерінің жаңында арнайы жол белгілері мен туристік көлік тұрағы үшін жабдықталған орындар жоқ. Үндайлы экскурсиялық автобустардың жеткілікті саны жоқ.

Автопарктер ұсынатын көлік ескірген немесе экскурсиялық автобустарға қойылатын талаптарға сәйкес келмейді, бұл туристерге теріс әсерін тигізеді.

Шетелдік туристермен кәсіби жұмыс істей алатын мамандар жоқ. Туристік агенттіктер менеджерлерінің арасында шет тілін білмейтіндер бар, олардың көпшілігі тек негізгі білімге ие. Сондай-ақ туризм саласындағы мемлекеттік басқаруға маманданған кадрлар жоқ.

Елордада іскерлік туризмді дамытудың тежеуші фактілерінің бірі әлемдік деңгейдегі қонақ үйлердің жетіспеушілігі болып табылады. Қонақ үйлер ұсынатын қызмет жеткіліксіз деңгейде.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Занының нормаларына сәйкес Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. «Астана қаласының туристік саласын дамыту мәселелері бойынша» ақпарат назарға алынын.

2. «Астана қаласының Инвестициялар және даму басқармасы» ММ, «Астана даму орталығы» ЖШС:

Астана қаласында туризмді дамыту жөніндегі жұмысты күшайту;

Астана қаласының туризмін дамытудың жаңа стандарттарымен (цифрлық форматтар, экрандар, билбордтар және т. б.) дамыту стратегиясын әзірлеу;

шетелдік туристер үшін үлкен қызығушылық тудыратын ғасырлар бойы мәдениеттің, оның ішінде мемлекеттің дәстүрлері мен ұлттық тағамдарының дәмін қалпына келтіру мақсатында шеберханалар, қолөнер орталықтары, киіз үйлер, этноауылдар, шайханалар, кофеханалар және т. б. қамтитын экожүйені құру мәселесін пысықтау;

қазақстандық және халықаралық туристік нарықтарда туризм жарнамасын ілгерілетуге, халықаралық туристік көрмелерді өткізуге және қатысуға бағытталған маркетингтік іс-шараларды өткізу мәселелерін пысықтау

туристік автобустарды жаңарту және олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігі жөнінде шаралар қабылдау (орнатылған кондиционерлер және микрофондармен және т.б.)

Астана қаласында туристердің болу күндерінің (түнеулерінің) санын 2-ден 3, 4 күнге (түнге) дейін ұлғайту жөнінде шаралар қабылдау;

елорданың туристік орындарында қоғамдық модульдік дәретханалардың, урналардың болуын қамтамасыз ету;

ұлттық тағамдары бар қонақ үйлердің, ақпараттық дүнгіршектердің, қоғамдық орындардың, ескерткіштердің, мейрамханалардың нысаналық картасын жасау;

4. хостелдер бойынша талдау жүргізу, осы бағыттағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау туралы уәкілдегі органға ұсыныс жасау.

таксопарктар ұсынатын қызметтердің сапасын жақсарту жөнінде шаралар қабылдау (салондардың сыртқы түрі, тазалығы, қызметтерге төлем карталарымен ақы төлеудің болуы және т.б.) ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Инвестициялар және даму басқармасы» ММ, «Астананы дамыту орталығы» ЖШС, Астана қаласының Кәсіпкерлер Палатасына (келісім бойынша):

туристерге көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, оның ішінде мамандардың (экскурсия жетекшілерінің, туристік компаниялардың, қоғамдық тамақтану қызметкерлерінің және т.б.) біліктілігін арттыру жолымен жұмысты үйімдастыру ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ, «Астана қаласының полиция департаменті» ММ, «Астана қаласының Инвестициялар және даму басқармасы» ММ:

елорданың туристік объектілерінің жанында туристік көліктің тұрағы үшін арнайы жол белгілері мен жабдықталған орындарды орнату;

туристік орындарда жол инфрақұрылымына қатысты проблемалық мәселелерді (шұңқырлар, құдықтар, зақымдалған жаяу жолдар және т.б.) жою жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Инвестициялар және даму басқармасы» ММ, «Астана қаласының мәдениет басқармасы» ММ, «Астана қаласының білім басқармасы» ММ, «Астана қаласының даму орталығы» ЖШС, Астана қаласының Кәсіпкерлер Палатасына (келісім бойынша):

гидтерді дайындаудың бірыңғай стандартын құра отырып, оның ішінде мұражайлардағы гидтерді оқыту жөніндегі мәселені пысықтау;

қала тарихына және оның көрнекті қайраткерлеріне қатысты ақпаратты қамтитын барлық гидтер үшін бірыңғай Құрал (мәтін) әзірлеу ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұракты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының бюджет,**  
**экономика, өнеркәсіп және**  
**кәсіпкерлік мәселелері бойына**  
**тұрақты комиссиясының**  
**төрағасы**

**К. Адамбек**